

Қазақстан Республикасындағы жоғары білім

Шығарылған күні: 15.12.2022

Келесі шығарылым күні: 15.12.2023

1. Негізгі ойлар

2. Жоғары білімнің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

3. Глоссарий

4. Әдістемелік түсініктемелер

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

Студенттердің жалпы саны 578,2 мың адамды құрады, оның ішінде әйелдер – 53,4%.


Ағымдағы оқу жылында қабылданған студенттер саны 163,5 мың адамды құрады, оның ішінде әйелдер – 52,7%.

Өткен оқу жылында қабылданған студенттер саны 71,5 мың студент келіп, 68 мың студент шығып, 162 мың адам оқуды бітірді.

Студенттердің жалпы санының 98,5% күндізгі, 0,8% сырттай және 0,7% кешкі нысанда оқиды.

Жасы бойынша жоғары білім беру ұйымдарындағы студенттер саны

Оқу жылының басына, адам




Мемлекеттік жоғары білім ұйымдарында оқитын студенттердің үлесі 22,1%, жеке меншік ұйымдарында 77,2% құрады.

Қабылдау квотасы бойынша жоғары білім ұйымдарында 64,3 мың адам оқып жүр, олардың ішінде 34,4 мың адам – ауылдық (селолық) жастар қатарындағы студенттер, 2,6 мың адам – Қазақстан Республикасы азаматы болып табылмайтын, ұлты қазақ студенттері және 2,4 мың адам жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған студенттер

Өңірлер бойынша студенттер саны

оқу жылының басына, мың адам



Түскен студенттердің жалпы санынан 68,6% жалпы орта білім базасында, 20,2% техникалық және кәсіптік білім базасында және 11,2% жоғары білім базасында қабылданды.


Мамандық бойынша студенттердің үлесі

оқу жылының басына, пайызбен



Курстары мен қаржылардыру түрлері бойынша студенттердің үлесі

оқу жылының басына, пайызбен




Басқа қалалардан келген студенттердің жалпы саны 295,1 мың адамды құрады. Жатақханаға мұқтаж студенттер саны 118,1 мың адамды құрады, оның ішінде 73,1 мың студент жатақханада тұрады.

2022-2023 оқу жылының басында республиканың жоғары білім беру ұйымдарында 36404 оқытушы жұмыс істеді, оның ішінде 2656 адам (7,3%) ғылым докторы, 10456 адам (28,7%) ғылым кандидаттары, 2218 адам (6,1%) профессор және 4697 адам (12,9%) доцент атақтары бар. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар оқытушылар саны 3732 адам (10,3%), бейіні бойынша доктор – 271 адамды (0,7%), магистр академиялық дәрежесі бар оқытушылар саны – 14256 адамды (39,2%) құрады.

2022-2023 оқу жылының басында Қазақстан республикасында жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындарының саны 116 ұйымды құрады.


Меншік нысаны



78 университет, оның ішінде зерттеу;
14 академия;
13 институт және оларға теңестірілген консерваториялар, жоғары мектептер және жоғары училищелер;
9 ұлттық жоғары оқу орындарының мекемелері;
2 ұлттық зерттеу университеттері.

Жоғары білім беру ұйымдарының саны

2021-2022 оқу жылының басына, бірлік



Электронды кестелер:

[Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы желісі және контингенті туралы негізгі көрсеткіштер](#)
[Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы студенттерді мамандықтар бойынша бөлу](#)


2. Жоғары білім беру көрсеткіштерінің динамикасы

Соңғы 5 жыл ішінде жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдардың саны 6,4% қысқарды.

2017-2018 оқу жылымен салыстырғанда студенттер саны 14,2% өсті, алайда 2021 жылдан бастап көрсеткіштің төмендеуі байқалады.

Студенттер саны және жоғары білім беру ұйымдарының саны

оқу жылының басына, бірлік



2017-2018 оқу жылымен салыстырғанда жеке меншік оқу орындарында студенттердің саны 185,3 мың адамға немесе 58,6%, шетелдік меншік ұйымдарында 23,4% өсті. Мемлекеттік мекемелерде 6 жыл ішінде бұл көрсеткіш 55,2% төмендеді.

1 кесте


Келген елдері бойынша жоғары оқу орындарындағы студенттер саны

Оқу жылының басына, адам

	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Барлығы	496 209	542 458	604 345	576 557	575 511	578 237
Оның ішінде:						
Қазақстан	482 311	520 731	564 787	547 488	547 317	555 723
Өзбекстан	3 683	9 500	25 964	15 642	14 404	7 987
Үнді	3 500	3717	4450	4220	5 987	7 321
Түрікмен	1 320	2 615	3 176	2 795	2 052	892
Ресей Федерация	1 075	1 273	1 247	1 298	1 263	1 316
Моңғолия	439	565	888	1128	1010	788
Қытай	1290	1240	807	871	811	665
Қырғызстан	1 026	1 084	1 115	1 067	659	417
Иордания	60	62	228	515	546	314
Басқа мемлекеттер	1 505	1 671	1 683	1 533	1 462	2 814

Қаржыландыру түрлері бойынша студенттер үлесі

Оқу жылының басына, пайызбен



Динамикалық кестелер:

[2020-2021 жж. ҚР жоғары білім беру ұйымдарының саны](#)
[2000-2021жж. жоғары білім беру ұйымдарындағы студенттер саны](#)
[2000-2021 жж. жоғары білім беру ұйымдарындағы шетелдік студенттер саны және үлесі](#)
[2000-2021 жж. жоғары білім беру ұйымдарының студенттерді қабылдауы](#)
[2000-2021 жж. жоғары білім беру ұйымдарын бітірген студенттер саны](#)

[2000-2021гг. 2000-2021жж. жоғары білім беру ұйымдарының профессор-оқытушылар құрамы](#)
[2020-2021жж. жоғары білім беру ұйымдарының жалпы қамтылуы](#)

3. Глоссарий

- 1) бакалавр – жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже;
- 2) бакалавриат – тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім, білім беру бағдарламалары;
- 3) қабылдау квотасы – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау үшін бөлінетін мемлекеттік білім беру тапсырысы, оның ішінде білім беру гранттары көлемінің шекті саны;
- 4) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыратын жоғары оқу орындары.

4. Әдістемелік түсіндірмелер

Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында іске асырылады.

Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту күндізгі оқыту және (немесе) онлайн оқыту және (немесе) экстернат нысандарында жүзеге асырылады.

Ұлттық зерттеу университеті жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұлттық ұйымы, зерттеу университеті, университет, академия, институт және оларға теңестірілген (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының негізгі түрлері болып табылады.

Жоғары білім беру ұйымдарында сәйкес лицензия және материалдық-техникалық база болған кезде, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білімнің білім беру бағдарламалары, сондай-ақ, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іске асырылуы мүмкін.

Жоғары білім беру бағдарламасын игеру бойынша қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыға «бакалавр» дәрежесі беріледі немесе «маман» біліктілігі беріледі.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру және жоғары білім беру ұйымдарына ғылыми-қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін инновациялық білім беру консорциумдарын құруға және (немесе) оларға кіруге құқылы.

5. Басылымдарға қатысты сілтемелер

[«Қазақстан Республикасындағы білім беру» статистикалық жинағы](#)

[«Қазақстандағы білім беру» буклеті](#)

[ҚР ОАМ білім беру туралы ұлттық баяндама](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[Статистика бойынша әдіснамалық ереже](#)

[«Жоғары оқу орнының есебі» 3-НК нысаны](#)

[Білім беру статистикасы, Сапа бойынша есеп, 2021г.](#)

[Білім беру статистикасы, «Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

Шығарылымға жауапты:

Халық статистикасы
департаменті

Департамент директоры:

Н. Ханжигитов
Тел. +7 7172 749061

Орындаушы:

Д. Мұханғалиева
Тел. +7 7172 749374
E-mail: d.mukhangalieva@aspire.gov.kz

Мекен жайы:

010000, г.Астана
Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрдіктер үйі, 4 кіреберіс